

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті



Т.Ф.Д., академик Қожамжарова Д.П.
2021ж.







БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D07172- «Мұнай және газ өңдеу технологиясы»

Тіркеу нөмірі	8D07100084
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	8D071 Инженерия және инженерлік Іс
Білім беру бағдарламаларының тобы	M097 Химиялық инженерия және процестер
Білім беру бағдарламасының түрі	Жаңартылған
ББХЖС бойынша деңгей	8
ҰБШ бойынша деңгей	8
СБШ бойынша деңгей	8
Оқу тілі	қазақша
Типтік оқу мерзімі	3 жыл
Дайындау бағыты	күндізгі
Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығы	180 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес жоғары оқу орны (ҚДББ)	-
Әлеуметтік серіктес	-

Шымкент – 2021ж.

Әзірлеушілер:

Дәуренбек Н.М.	МӨЖМХ кафедрасының меңгерушісі м.а., т.ғ.к., доцент	
Танашев С.Т.	т.ғ.к., МӨЖМХ кафедрасының доценті	
Мамытова Г.Ж	МӨЖМХ кафедрасының аға оқытушысы	
Сарсенбаева А.У	магистр, МӨЖМХ кафедрасының аға оқытушысы	
Артыкова Ж.К.	магистр, МӨЖМХ кафедрасының аға оқытушысы	
Абдикеримов Б.	ДХТ-18-6к тобы	
Ерегенов Б.Т.	«ПетроКазахстанОйл Продактс» ЖШС-і техникалық директоры	
Оспанов И.Н.	«Нефтехимстрой-Юг» ЖШС директорының орынбасары	
Кубелекова У.Д.	«Hill Corporation» ЖШС сапа жөніндегі директоры	

Оқу бағдарламасын "Химиялық инженерия және биотехнология" жоғары мектебінің оқытудың инновациялық технологиялары және әдістемелік қамтамасыз ету жөніндегі комитетінің мәжілісі ұсынған (хаттама № 7, "22" 02 2021ж.)

ӘК төрағасы _____

М. Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде қарастырылып, ұсынылған хаттама № 5 « 23 » 02 2021 ж.

Университеттің Ғылыми Кеңесі шешімімен бекітілген хаттама № 12 от « 25 » 02 2021 ж.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
2.	ББ бойынша оқу нәтижелері	8
3.	ББ түлектерінің құзыреттілігі	9
4.	Игерілген кредиттердің көлемін көрсететін білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісін көрсететін жиынтық кесте	10
5.	Пәндер туралы мәліметтер	11
	Келісу парағы	18
	1-қосымша. Жұмыс берушінің пікірлері	19
	2-қосымша. Сараптамалық қорытынды	21

1. Қолдану саласы

8D07172-"Мұнай және газ өңдеу технологиясы" білім беру бағдарламасы бойынша ҚР БҒМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-де философия докторларын (PhD) дайындауға арналған.

2. Нормативтік құжаттар

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістер және толықтырулармен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда тіркелген № 17657);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру ережелері, 2018 ж. 12 қазандағы №563 өзгерістер және толықтырулармен;

«Мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салалары» салалық біліктілік шеңбері мұнай-газ саласының әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның 2017 жылғы 30 наурыздағы № 1-2017 хаттамасымен бекітілген.

«Химиялық өндіріс» салалық біліктілік шеңбері тау-кен металлургия, химия, құрылыс индустриясы және ағаш өңдеу, жеңіл өнеркәсіп және машина жасау салалары әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия отырысының 2016 жылғы 16 тамыздағы №1 хаттамасымен бекітілген.

"Педагог" кәсіби стандарты (ҚР Ұлттық "Атамекен" Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығына қосымша).

3. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты университет миссиясымен келісіліп, озық білімі, ұйымдастырушылық және басқару қасиеттері бар, мұнай өңдеу және мұнай химиясы технологиясы саласында жаңа білімдерді қалыптастыра алатын, кәсіптік тілде өндірістік міндеттерді қалыптастыра алатын және оларды заманауи технологиялар көмегімен шеше алатын; мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, жүйелі, аналитикалық және логикалық ойлау дағдыларын, кәсіби қызметтегі шығармашылық көзқарасты көрсететін, ұлттық және интернационалдық ұжымда жұмыс істеуге қабілетті, өмір бойы оқу стратегиясын меңгерген елдің зияткерлік элитасын дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейімен, Дублин дескрипторларымен, жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің біліктілік шеңберінің 3 циклімен (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area), сондай-ақ өмір бойы білім беру үшін Еуропалық біліктілік шеңберінің 8 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning) үйлестірілген.

Білім беру бағдарламасы стейкхолдерлер талаптарын ескере отырып түзетілген ғылыми-зерттеу, практикалық және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысты кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.

8D07172 - "Мұнай және газ өңдеу технологиясы" білім беру бағдарламасының бірегейлігі: білім беру үдерісін, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті біріктіруге бағытталған, бұл түлектердің еңбек нарығындағы жоғары бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді.

ББ ғылым мен технологияларды дамытудың басым бағыттары бойынша ғылыми зерттеулерді бағдарлауға, жетекші отандық және шетелдік мамандарды, өндірісшілерді оқытуға, бірегей жабдығы бар ғылыми зертханаларда жұмыс істеуге, халықаралық ғылыми және білім беру жобаларына қатысуға, жетекші ресейлік және шетелдік компаниялар мен университеттерде тағылымдамадан өтуге бағытталған.

ББ өңірдің бейінді кәсіпорындарының техникалық базасы мен жоғары білікті мамандарын тарту жолымен іске асырылады.

Оқу үрдісіне кафедраның жетекші ғалымдары және Қазақстанда және шетелде танымал ғылыми мектептердің жетекшілері болып табылатын шетелдік ғалымдар тартылады.

Мұнай өңдеу технологиясы және мұнай-химиясы салалары үшін кәсіби басшылар мен мамандарды, стандартты емес ойлауға және батыл бірегей шешімдерге қабілетті оқытушыларды даярлауға, ғылыми-зерттеу міндеттерін шешуде стратегиялық тәсілдерді әзірлеуге бағытталған, терең ғылыми және педагогикалық білімі бар.

Білім беру бағдарламасы Болон процесі, студентке шоғырланған оқыту, қолжетімділік және инклюзивтілік принциптерін қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру арқылы оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелеріне келесі оқу іс-шаралары арқылы қол жеткізіледі:

- аудиториялық сабақтар: дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар оқытудың инновациялық технологияларын, ғылымның, технологиялардың және ақпараттық жүйелердің жаңа жетістіктерін қолдануды ескере отырып жүргізіледі. Зертханалық сабақтар университеттің аккредиттелген зертханаларында: "Конструкциялық және биохимиялық материалдар" инженерлік бейіндегі сынақ аймақтық зертханасы және "Сапа" физика-химиялық талдау әдістері зертханасы, "Hill-corporation" ЖШС оқу-ғылыми-өндірістік копмплекстер базасында және т. б. өткізіледі.

- аудиториядан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының басшылығымен жеке кеңес беру;

- кәсіптік практикаларды өткізу, кәсіпорындардың тапсырысы бойынша курстық және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) орындау.

Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдау, білім алушыларға қатысты төзімсіздік пен кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғау бойынша шаралар қабылданды.

Білім беру бағдарламасының сапасы стейкхолдерлерді оны әзірлеуге және бағалауға тартумен, жүйелі мониторингпен және оның мазмұнын шолумен қамтамасыз етіледі.

4. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес (ҚР БҒМ №600 31.10.2018 ж. бұйрығы)

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты - мұнай өңдеу технологиясы және мұнай-химия саласында теорияларды дамытуға, мұнай мен газдың перспективті химиялық технологияларын құру, енгізу және пайдалануға, заманауи технологияларды қолдана отырып, кәсіби тілде ғылыми, білім беру және өндірістік міндеттерді тұжырымдауға және шешуге қабілетті бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау.

ББ міндеттері:

- докторанттарға мұнай және газ өңдеу технологиясы саласындағы басқарушылық, аналитикалық және консультациялық қызмет үшін берік негіз ұсыну;
- докторанттарды заманауи экономикада елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін мықты аналитикалық, зерттеу және көшбасшылық қасиеттерімен және командалық жұмыс дағдыларымен қамтамасыз ету;
- докторанттарды көмірсутегі шикізатын өңдеудің химиялық технологиясы саласындағы өзгермелі технологияларға олардың кәсіби мансабы бойы бейімделуге мүмкіндік беретін өмір бойы оқытудың іскерлігімен және дағдыларымен қамтамасыз ету;
- докторанттарға жаһандық және әлеуметтік контексте көмірсутек шикізатын өңдеудің химиялық технологияларының әсерін түсіну үшін қажетті кеңейтілген білім беру;
- білім мен ғылымның интеграциясы негізінде қоғамды, экономиканы, өндірісті, ғылымды жетілдіру және жаңа технологияларды әзірлеу мәселелерін шешуге қабілетті ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың тиімді жүйесін құру.

1.2 Біліктілік пен лауазымдар тізбесі

Бітірушіге 8D07172 – "Мұнай және газ өңдеу технологиясы" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі беріледі.

8D07172 – "Мұнай және газды өңдеу технологиясы" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талап қоймастан, ғылыми қызметкер, жоғары оқу орнының оқытушысы, мамандығы бойынша практикалық тәжірибе немесе басқарушылық жұмыс тәжірибесімен бас директор (Басқарма төрағасы), бас директордың орынбасары (бағыттар бойынша), жоба басшысы, қызметтерін атқара алады.

1.3 Білім беру бағдарламасы түлектерінің біліктілік сипаттамасы

1.3.1 Кәсіби қызмет саласы

Кәсіби қызмет саласы мұнай және газ өңдеу, органикалық заттарды өндіру кәсіпорындары, ғылыми-зерттеу және жобалық салалық институттар, жоғары оқу орындары болып табылады.

1.3.2 Кәсіби қызмет объектілері

Кәсіби қызмет объектілері заттар, материалдар, бұйымдар алудың жабдықтары, технологиялық процестері және өнеркәсіптік жүйелері, сондай-ақ оларды басқару және реттеу жүйелері; химиялық заттар мен материалдар; заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерін анықтау әдістері мен аспаптары; қоршаған ортаның жай-күйін бағалау және оны өнеркәсіптік өндіріс, энергетика және көлік әсерінен қорғау әдістері мен құралдары болып табылады.

1.3.3 Кәсіби қызмет пәні

Кәсіби қызмет пәндері негізгі және нәзік органикалық синтез өнімдері, органикалық заттар мен материалдарды өндіру және қайта өңдеудің химиялық технологиясының аппараттары мен жабдықтары, шикізат және қосалқы материалдардың әртүрлі типтері, мұнай, газ, көмір, химиялық реагенттер мен реактивтер, ғылыми-зерттеу аспаптары мен жабдықтары, оқу-әдістемелік құжаттама, оқытудың техникалық құралдары болып табылады.

1.3.4 Кәсіби қызмет түрлері.

- ғылыми-зерттеу;
- өндірістік-технологиялық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- жобалық;
- ғылыми- педагогикалық.

2.ББ бойынша оқыту нәтижелері

ОН1 Мұнай және отын дисперсиялық жүйелерінің құрылымы және олардың өзгеруі, мұнай өңдеу процестерін қарқындалту және отын мен жағар материалдардың пайдалану қасиеттерін жақсарту, зерттеу және тәжірибелік міндеттерді шешу кезінде жаңа идеяларды генерациялау үшін кәсіби білімді пайдалану.

ОН2 Мұнай мен газ өңдеу технологиясы және мұнай-химия саласында ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметті зерттеудің инновациялық әдістерін және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асыру және әзірлеу.

ОН3 Жаңа технологиялар мен ғылыми жобаларды құқықтық қорғауды зерттеу негізінде мүдделі тұтынушыларға жеке және ұжымдық идеяларды және жетістіктерді сату үшін мақсатты алгоритмдерді талдау және таңдау.

ОН4 Мемлекеттік және шет тілдерінде ғылыми коммуникацияның заманауи әдістері мен технологияларын қолдана отырып, кәсіби пікірталастарға қатысу, зерттеу нәтижелерін халықаралық рейтингтік басылымдарда жариялау.

ОН5 Зерттеулер мен әзірлемелердің жаңа бағыттарын қалыптастыру және нәтижелерін болжау, іргелі және қолданбалы сипаттағы маңызды ғылыми проблемалар бойынша зерттеулер жүргізуге ғылыми басшылықты жүзеге асыру, отын, мұнай-химия өнімдері мен майлар өндірісінің кез келген сатыларына немесе кешендеріне басшылық ету және бақылау жасау.

ОН6 Аяқталған зерттеулер мен әзірлемелерге ғылыми-зерттеу сараптамасын жүргізу, зерттеулер нәтижелерін іс жүзіне асыруға ғылыми басшылықты қамтамасыз ету және мұнай мен газды өндіру, тасымалдау, өңдеу, мұнай-газ өңдеу және мұнай-химия өнімдерін қолдану саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерінің қолданылу аясын анықтау.

ОН7 Көшбасшылық басқару және ұжымды басқару, командада жұмыс істеу, жеке кәсіби және жеке даму міндеттерін жоспарлау және шешу, басқаларға қатысты шыдамдылық пен құрмет көрсету, топтық кәсіби қызмет пен халықаралық ортадағы ынтымақтастыққа қабілеттілік дағдыларын меңгеру.

ОН8 Бейінді пәндерді оқыту және ғылыми-зерттеу ұжымын басқару үшін ғылыми және ғылыми-білім беру міндеттерін шешу бойынша заманауи ғылыми зерттеулердің нәтижелерін бейімдеу және тұжырымдау.

3 ББ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

3.1 ББ бойынша оқуды табысты аяқтау бітірушінің келесі негізгі құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді:

(НҚ1) тілдік және компьютерлік

- ауызша және жазбаша түрде шет тілінде коммуникацияның негізгі дағдыларын қолдану қабілеті; кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа күрделі идеяларды талдау, бағалау және синтездеу үшін қазіргі заманғы ақпараттық және сандық технологияларды қолдану қабілеті;

(НҚ2) басқарушылық, экономикалық және кәсіпкерлік

- басқарушылық және кәсіпкерлік қызметке қабілеттілік, маңызды өзгерістерге немесе кәсіпорынның дамуына әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау, әзірлеу және нәтижелері үшін жауапты болу, персоналды басқару, кәсіпкерлік дағдыларды көрсету

(НҚ3) техникалық

- Кәсіптік саладағы инновациялық міндеттерді шешу үшін техникалық пәндерді оқу кезінде алынған білім беру потенциалын, білім мен тәжірибені қолдану қабілеті; белгісіздік жағдайында аналитикалық әдістер мен күрделі үлгілерді пайдалана отырып химиялық өнеркәсіп нысандарын жобалау қабілеті.

(НҚ4) зерттеу

-жүргізілетін ғылыми зерттеулерді ғылыми, патенттік және маркетингтік қолдау мақсатында мұнай және газ өңдеу технологиясы саласындағы ғылыми-техникалық ақпаратқа талдау жүргізу қабілеті; ғылыми жарияланымдар түрінде ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін қорыту қабілеті, пікірталас барысында өз ұстанымын қорғау және белгісіздік пен тәуекел жағдайында кәсіби сипаттағы шешімдер қабылдау қабілеті;

(НҚ5) әдіснамалық

-жаратылыстану-ғылыми таным әдіснамасы негізінде заманауи теория мен практиканың болмысын талдау және түсіну, педагогикалық қызметте бейіндік пәндерді оқытудың жаңа әдістерін қолдану; практикумдар өткізу үшін жаңа зертханалық қондырғыларды әзірлеу, ғылыми-педагогикалық қызметке қажетті білімді жаңарту және тереңдету қабілеті.

3.2 Модульдердің қалыптасатын құзыреттіліктерімен жалпы ББ бойынша оқыту нәтижелерінің арақатынасы матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
НҚ1	+				+	+	+	
НҚ2	+		+		+		+	
НҚ3	+	+	+			+	+	
НҚ4	+	+	+	+				+
НҚ5	+	+						+

4. Игерілген кредиттердің көлемін көрсететін білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісін көрсететін жиынтық кесте

Оқыту құрдымы	Семестрі	летін	модульдері	Оқытылатын пәндер саны	KZ кредиттер саны	Барлығы, сағат	ттері саны	Саны
---------------	----------	-------	------------	------------------------	-------------------	----------------	------------	------

			ЖК	ТК	Теориялық оқыту	Педагогикалық іс-тәжірибе	Зерттеу іс-тәжірибесі	ДҒЗЖ	Қорытынды аттесттау			емтихан	дифференциалдық сынақ
1	1	2	2	4	30	-	-	-	-	900	30	6	-
	2	2	-	-	-	8	-	22	-	900	30	-	2
2	3	2	-	-	-	-	15	15	-	900	30	-	2
	4	1	-	-	-	-	-	30	-	900	30	-	1
3	5	1	-	-	-	-	-	30	-	900	30	-	1
	6	1	-	-	-	-	-	18	12	900	30	-	2
Барлығы		3	2	4	30	8	15	115	12	5400	180	6	8

5. Пәндер туралы мәліметтер

Модуль атауы	ЦИКЛ	ЖК/ ТК	Компонент атауы	Пәннің қысқаша суреттемесі (30-50 сөз)	Кре- ди- т-тер са- ны	Қалыптаса- -тын ОН (кодтар)
Мұнай өңдеу және мұнай химиясындағы инновациялар	БП	ЖК	Педагогикадағы және ғылыми зерттеулердегі инновациялар	Педагогикадағы және педагогикалық технологиялардың ғылыми зерттеулеріндегі инновацияларды, оқыту әдістерінің, тәсілдерінің және құралдарының жиынтығын қарастырады. Білім беру қызметтері нарығында қандай да бір мекеменің бәсекеге қабілеттілігін құру үшін негіз болып табылатын инновациялық педагогикалық қызмет дағдыларын үйретеді және педагогтың кәсіби өсу бағыттарын анықтайды.	3	ОН1,ОН2, ОН3,ОН8
	БП	ТК	Мұнай өңдеу мен мұнай химиясындағы қазіргі заманғы аспаптық зерттеу әдістері	Аспаптық (спектрлік, хроматографиялық және т.б.) әдістердің теориялық негіздерін, мөлдір және күңгірт мұнай өнімдерін құрылымдық-динамикалық талдаудың аспаптық әдістерін қарастырады. Мұнай және мұнай өнімдерінің физикалық - химиялық құрамы, құрылымы, реакциялық қабілеті туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін аспаптық зерттеудің әртүрлі әдістерін қолдану дағдыларын үйретеді.	5	ОН1,ОН2, ОН6, ОН8
			Мұнай дисперсиялық жүйелердің физика-химиясы және хемометрикасы	МДЖ-ның коллоидты-химиялық айналуының мәнін қазіргі заманғы көзқарастар мен зерттеулердің аналитикалық әдістері, МДЖ-ға әртүрлі факторлардың әсер етуі негізінде қарастырады. Мұнай жүйесінің оны өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу кезеңіндегі мінез-құлқының заңдылықтарын талдау, қаралып отырған мұнай жүйесінің дисперсиялық жағдайын (термодинамикалық тұрақтылық, релаксациялық және тиксотроптық сипаттамалар, фазалық жай-күйлер) талдау және бағалау дағдыларын үйретеді.		ОН1, ОН2, ОН5, ОН8
	БП	ТК	Синтетикалық жағар материалдарды өндіру және қолдану	Өндіріс технологиясы мен перспективаларын, синтетикалық майлау материалдарын қолдану жолдарын, технологиялық қондырғыларды аппаратуралық жаратқандыруды, синтетикалық майлау майларының өндірісін кеңейту әдістерін қарастырады. Синтетикалық майлау материалдарының құрамы мен қасиеттерін анықтау дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.	5	ОН2, ОН4, ОН6, ОН8
			Мұнай өңдеудің арнайы өнімдерін өндірудегі инновациялық технологиялық әзірлемелер	Мұнай өңдеудің арнайы өнімдерін өндірудің жаңа және перспективалық әдістері мен технологияларын қарастырады. Мұнай өңдеудің жаңа арнайы өнімдерін әзірлеу саласындағы ғылыми зерттеулер процесін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру дағдыларын үйретеді.		ОН2, ОН3, ОН4, ОН6, ОН7, ОН8
	БП		Педагогикалық іс-тәжірибе	Оқу сабақтарын өткізу үшін дидактикалық материалдарды жобалау; ақпараттық ағындардың тез жаңаруы және өсуі жағдайында ғылыми және ғылыми-	8	ОН1,ОН2, ОН4, ОН7,

				педагогикалық қызметте инновацияны қолдану мақсатында жоғары мектептің отандық және шетелдік педагогикасы мен психологиясын талдау дағдыларын қалыптастырады. Әр түрлі педагогикалық міндеттерді шешуде контекстік-құзыретті және жүйелі психологиялық-педагогикалық тәсілді дамытады.		ОН8
Мұнай мен газ зерттеудегі және өңдеу технологиясындағы ғылыми ұстанымдар	КП	ЖК	Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері	Мұнай және газ химиясы мен технологиясындағы қазіргі ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау әдістерін; отандық және халықаралық зерттеу ұжымдарында жұмыс істеу кезінде ауызша және жазбаша түрде ғылыми қызмет нәтижелерін ұсыну ерекшеліктерін қарастырады. Зерттеу және практикалық міндеттерді, оның ішінде пәнаралық салаларда шешу кезінде жаңа идеяларды генерациялау; заманауи аспаптарда эксперименттер жүргізу дағдыларын үйретеді.	5	ОН1, ОН2, ОН4, ОН5, ОН6, ОН8
	КП	ТК	Отындар мен жағар материалдардың пайдалану қасиеттерін жақсартудың инновациялық әдістері	Мұнай және газ химиясы мен технологиясындағы қазіргі ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау әдістерін; отандық және халықаралық зерттеу ұжымдарында жұмыс істеу кезінде ауызша және жазбаша түрде ғылыми қызмет нәтижелерін ұсыну ерекшеліктерін қарастырады. Зерттеу және практикалық міндеттерді, оның ішінде пәнаралық салаларда шешу кезінде жаңа идеяларды генерациялау; заманауи аспаптарда эксперименттер жүргізу дағдыларын үйретеді.	6	ОН1, ОН2, ОН5, ОН6
			Мұнай өңдеу процестерін қарқындалтуға арналған арнайы қоспалар	Мұнай өңдеу процестерін қарқындалтуға арналған арнайы қоспалар жасаудың ғылыми негіздері, оларды мұнай өңдеу үшін қолданудың теориялық негіздері бойынша білімді тереңдете түседі. Жаңа реагенттер мен композициялық қоспаларды әзірлеу және қолдану саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру дағдыларын үйретеді.		ОН1, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8
	КП	ТК	Мұнай өңдеудің гидрокатализаторлық процестерінің ғылыми негіздері	Процестердің теориялық негіздері бойынша білімді тереңдете түседі, катализаторлардың құрылымы мен химиялық қасиеттерін байланыстыратын заңдылықтарды, катализаторлардың қасиеттерінің өзгеруіне бағытталған, гидрокатализаторлық процестердің дистиллятты және қалдық шикізатын функционалдық дайындау және қайта өңдеу сатыларының тұжырымдамасын тереңдету және негіздеу. Мұнайды қайта өңдеудің гидрокатализаторлық процестері саласындағы ғылыми және технологиялық әзірлемелердің нәтижелерін ұйымдастыру және іске асыру дағдыларын үйретеді.	6	ОН1, ОН3, ОН5, ОН6
			Техникалық сұйықтықтар мен май өндірісінің арнайы өнімдерінің технологиясы	Салқындатқыш, тежегіш, гидравликалық, амортизаторлық, іске қосу, жуу және тазалау сұйықтықтары мен арнайы өнімдерді практикалық қолданудың технологиялық негіздері мен аспектілерін, олардың техниканы пайдалану кезінде түрлі тораптар мен механизмдердің жұмысына әсерін қарастырады. Техникалық сұйықтықтар сапасының көрсеткіштерін анықтау және зертханалық жағдайларда		ОН1, ОН3, ОН5, ОН6

			перспективалы арнайы сұйықтықтарды таңдау дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.		
	КП	Зерттеу іс-тәжірибесі	Отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін іздеу және талдау дағдыларын үйретеді. Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеудің таңдалған тақырыбы шеңберінде эксперименталды деректерді өңдеу және интерпретациялау; ғылыми жарияланымдарды дайындау, болжамды өнертабысқа өтінімдерді ресімдеу тәжірибелік дағдыларын бекітеді.	15	ОН1,ОН2, ОН3,ОН4, ОН5, ОН6, ОН8
Қорытынды аттестаттау модулі		Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Докторлық диссертация тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын үйретеді. Ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану, тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау; ғылыми жарияланымдарды дайындау, зерттеу нәтижелерінің кең аудиториясын таныстыру, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын орындауға конкурстық өтінімдерді құрастыру және рәсімдеу машықтарын бекітеді.	115	ОН1,ОН2, ОН3,ОН4, ОН5, ОН8
		Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	Алынған білімді инновациялық технологияларға, зерттеу қызметінің өнімдеріне айналдыру; докторлық диссертация түрінде зерттеу нәтижелерін жинақтау және жүйелеу, кең аудиториядағы диссертациялық жұмыстың негізгі ережелерін таныстыру дағдыларын үйретеді.	12	ОН1,ОН2, ОН3, ОН4, ОН5, ОН8
Білім беру бағдарлама-сы бойынша барлығы				180	

8D07172 - "Мұнай және газ өңдеу технологиясы"
білім беру бағдарламасы бойынша

КЕЛІСТІРУ ПАРАҒЫ

АМД директоры



А.С.Наукенова

ҚОЛЫ

АҒД директоры



У.Б.Назарбек

ҚОЛЫ

ККД директоры



Т.С.Бажиров

ҚОЛЫ